

АЛДАТАУ

Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№2(12) 12 қаңтар 2024 жыл

Қолдау бізден

ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР КЕҢ НАСИХАТТАЛАДЫ

Президент тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жазаны қатайтуды қолдайтынын айтты. Былтыр отбасындағы тұрмыстық құқық бұзушылықпен күрес тәсілдері жетілдірілді, мұндай қылмыстар үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік едеуір күшейтілді. Қазір Мәжіліс депутаттары тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің жаңа әрі тиімді шараларын қарастыратын заң жобасын әзірлеп жатыр.

Отбасылық зорлық-зомбылыққа қатысты қылмыстардың алдын алу үшін нақты шаралар қолға алынды. Әйелдер мен балаларға жасалған зорлық-зомбылыққа қатысты қылмыстарды тергеумен

енді әйел тергеушілер айналысады. Ішкі істер органдарында әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғаумен шұғылданатын мамандардың штаты қалпына келтіріліп, олардың құзыреті күшейтілді.



Енді қоғамда озбырлық пен зорлық-зомбылықтың кез келген түрін айыптайтын құқықтық сана-сезім қалыптастыру керек.

Мемлекет басшысы елімізде «заң мен тәртіп» қағидатының орныға түскенін қалайтынын айтты. «Біз заңсыздық пен қатыгездікке бір кісідей, батыл қарсы тұруымыз қажет. Сондай-ақ қоғам нормалар мен ережелердің және жалпы адамзатқа ортақ құндылықтардың аяқасты болуын қатаң айыптап, онымен бірлесу керек екенін айтты.

Бекболат БИРБАЕВ,
Райымбек аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы,
«Құрмет» орденінің иегері,
ауданның Құрметті азаматы.

Әлеуметтік төлемдер

2024 ЖЫЛЫ КІМДЕРДІҢ ЗЕЙНЕТАҚЫСЫ МЕН ЖӘРДЕМАҚЫСЫ ӨСЕДІ?

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда мемлекеттік жәрдемақылар мен базалық зейнетақы төлемдерінің барлық түрлерінің мөлшерін 7%-ға, ынтымақты зейнетақыны 9%-ға арттыру жоспарланған, деп хабарлайды inbusiness.kz сайты ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің баспасөз қызметіне сілтеме жасай отырып.

Еңбек және әлеуметтік қорғау министрінің дерегіне, бюджеттен төленетін жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 130 414 теңгені құрайтын болады.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінен 60%-нан 65%-ына дейін арттырылатын болады, яғни, 28 215 теңге болады. Ең жоғарғы мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінен 100-ден 105%-ға дейін ұлғаяды, бұл 45 578 теңгені құрайды.

сайынғы жәрдемақы бала туылғанға дейінгі соңғы 24 айдағы орташа айлық табыстың 40%-ы көлемінде болады.

Мөлшері балалар санына байланысты көп балалы отбасыларға берілетін жәрдемақы төрт баласы бар отбасылар үшін 55 304 теңгеден 59 183 теңгеге дейін, 10 баласы бар отбасылар үшін – 138 000 теңгеден 147 680 теңгеге дейін ұлғаяды.

«Алтын алқа» алқаларымен, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған, «Батыр ана»

сты алмастыруға байланысты әртүрлі болады, әр адамға жеке анықталады.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап арнаулы әлеуметтік төлемдер енгізіледі. Ол зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін азаматтарға есептелетін болады. HR Enbek еңбек ресурстары порталындағы жеке кабинетте арнайы әлеуметтік төлемдердің мөлшерін алдын ала есептеу үшін калькулятор қолжетімді.

Осы функционалдылықты пайдалану үшін пайдаланушы-қызметкер электрондық цифрлық қолтанбаның көмегімен тексерілуі тиіс. Жеке кабинетте тексерілгеннен кейін, «Профиль» бөлімінде, «Қызметкердің деректері» қойындысында төлемнің алдын-ала мөлшерін есептеуге болады.

Арнайы әлеуметтік төлем бірнеше компоненттерден тұрады және

ды. Болашақта бұл ақшаны екі мақсатқа пайдалануға болады – тұрғын үй жағдайын жақсарту немесе білім беру ақысын төлеу. Жиналған қаражатты мерзімінен бұрын алу немесе өз қалауыңыз бойынша пайдалану мүмкін емес.

Алғашқы төлемдерді 18 жасқа толған балалар 2024 жылдың басында ала алады. Егер бала 2023 жылы 18 жасқа толса, онда ол «Ұлттық қор – балаларға» жобасына қатыса алмайды. Жалры 18 жастан асқан барлық азаматтар жобаға қатыса алмайды.

Жинақтаушы шот ашу үшін баланың ата-анасына қандай да бір өтінім берудің, банкке немесе БЖЗҚ-ға арнайы жүгінуің қажеті жоқ. Шоттар «жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорынан алынған мәліметтер негізінде БЖЗҚ-ға әр бала үшін автоматты түрде ашылатын болады.

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

Алматы облысында «Жайлы мектеп» жобасы бойынша 53 мектеп салынады

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Мемлекет басшысының жаңадан ұсынылған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы туралы тапсырмасын орындау мақсатында Алматы облысы бойынша 54 600 оқушыға арналған 53 мектептің тізімін бекітті.



Демографиялық өсім мен ішкі көші-қон аясындағы өзекті мәселелердің бірі облыстағы мектеп орындарының жетіспеушілігі. Бүгінгі таңда облыста 56 үш ауысымды


мектеп бар. Жыл сайын оқушылар саны 14-15 мың балаға артып келеді. Сондықтан мектеп салу – білім беру саласын дамытудағы маңызды қадам.

2023 жылы 24 900 оқушыға арналған 26 мектептің құрылысы басталса, 2024 жылы 29 700 оқушыға арналған 27 мектептің құрылысы жоспарланған. Қазіргі уақытта облыстың құрылыс басқармасы Samruk-Kazyna Construction АҚ-мен шартқа отырды. Құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталуына РБ қаражатынан 2023 жылы 59 млрд. теңге бөлініп, игерілді.

Сонымен қатар, жергілікті бюджеттен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізуге жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге 1,9 млрд теңге көлемінде қаражат қарастырылған. Өзірленген құжат ағымдағы жылдың аяғына дейін мемлекеттік сараптамадан өткізілетін болады.

Землетрясение произошло в 60 км от Алматы

В Алматинской области произошло землетрясение магнитудой 4,1 балла, передает [Litr.kz](http://litr.kz).



Согласно оперативным данным Центра данных ИГИ НЯЦ РК, 7 января текущего года в 9:10 по времени Астаны (в 3:10 по Гринвичу) в 60 км на северо-восток от города Алматы произошло землетрясение. Координаты эпицентра: 43.35 градуса северной широты, 77.61 градуса восточной долготы. Магнитуда: mb=4.1 Энергетический класс: K=9.6.

Землетрясение ощутили некоторые жители городов Алматы и Есик.

Антикор Алматы облысындағы екі нысанның құрылысын бақылауға алды

Алматы облысының сыбайлас жемқорлықпен күрес қызметі Шонжы ауылындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен Райымбек ауданындағы мәдениет үйінің құрылысын ерекше бақылауға алды, - деп хабарлайды Sputnik.




«Еліміздің барлық өңірі бойынша жалпы бюджеті 2,44 триллион теңге болатын 156 нысан анықталды. Оның екеуі Алматы облысында орналасқан. Бұл - Ұйғыр ауданы Шонжы ауылындағы дене

шынықтыру-сауықтыру кешені мен Райымбек ауданы Жамбыл ауылындағы мәдениет үйінің құрылысы. Сауықтыру кешенінің құрылысына 2019 жылы 1 млрд теңгеден астам қаражат бөлініп, тапсыру мерзімі 2021 жылғы қаңтарға белгіленген. Ал мәдениет үйіне 2021 жылы 474 млн теңгеге жуық қаражат бөлініп, жұмыстарды аяқтау мерзімі 2022 жылдың тамыз айына қойылған. Бүгінде екі нысан бойынша сот процестері жүріп жатыр», - деп хабарлады Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінен.

Антикор өкілдері еріктілермен бірлесіп, осы екі нысанды жіті бақылауда ұстайтындарын атап өтті.

Об опасности схода лавин предупреждают жителей Алматинской области

Жителей Алматинской области предупредили об угрозе схода снежных лавин, передает [Litr.kz](http://litr.kz) со ссылкой на пресс-службу областного ДЧС.



Так, в горах Алматинской области с 8 января по 12 января сохраняется лавинная опасность. ДЧС убедительно просит граждан, туристов и отдыхающих не выходить на заснеженные склоны из-за возможного провоцирования схода снежных лавин, а также соблюдать все меры безопасности и поведения в горной местности, – отметили в ДЧС.

На территории Алматинской области имеется 55 лавиноопасных участков, которые находятся в Енбекшиказахском, Талғарском и Карасайском районах по южному склону хребта гор Иле-Алатау. В основном сход снежных лавин происходит по причине повышения температурного фона и выпадения обильных осадков в виде дождя и снега.

Ғаламтор желісінен алынды



Келесі жылы 1, 2, 3 баланың дүниеге келуіне берілетін жәрдемақы 131 100 теңгеден 140 296 теңгеге дейін, 4 және одан да көп бала тууына берілетін жәрдемақы – 217 350 теңгеден 232 596 теңгеге дейін ұлғаяды.

Сонымен қатар жасына байланысты және еңбек сінірген жылдары бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшері 9 пайызға өседі. Бұдан бөлек мемлекеттік жәрдемақыларды арттыру да көзделген.

Балалар санына байланысты көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы 4 баласы бар отбасылар үшін 55 304 теңгеден 59 183 теңгеге дейін, 10 баласы бар отбасылар үшін – 138 000 теңгеден 147 680 теңгеге дейін артады.

Жұмыс істемейтін аналарға бюджет қаражаты есебінен 1,5 жасқа толғаннан кейін бала күтімі бойынша ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы тағайындалады:

- I бірінші балаға - 21 265 теңге;
- II екінші балаға - 25 142 теңге;
- III үшінші балаға - 28 982 теңге;
- IV төртінші және одан да көп балаға - 32 858 теңге.

Жұмыс істейтін әйелдер үшін 1,5 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша ай

атағы бар, яғни 7 және одан да көп бала туып, тәрбиеленген аналар үшін жәрдемақы мөлшері 27 320 теңгені, ал «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған аналар үшін — 23 628 теңгені құрайды.

Сондай-ақ I топ мүгедектігі бар адамдарға арналған жәрдемақы 89 248 теңгеден 95 496 теңгеге дейін, II топ – 71 398 теңгеден 76 397 теңгеге дейін, III топ – 48 681 теңгеден 52 089 теңгеге дейін ұлғайтылады.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбекке қабілеттіліктен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайлары бойынша тағайындалған әлеуметтік төлемдердің мөлшерлері 7 пайызға артады.

Бұл төлемдерді бюджеттен берілетін мемлекеттік жәрдемақыларға қосымша міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы жүзеге асырады. Төлемдердің мөлшері соңғы екі жылдағы МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық табысқа, еңбек ету қабілетінен айырылу коэффициенттеріне, асырауындағы адамдардың санына, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне және табы-

төрт көзден жүзеге асырылады:

республикалық бюджеттен 2 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы;

зейнетақыға дейінгі аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша 1 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде сақтандыру төлемі;

жұмыс берушінің қаражаты есебінен 1 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде кәсіптік төлем;

БЖЗҚ-дағы жинақтарды ескере отырып, зейнетақы төлемі есебінен.

Бұл төлемдерге кемінде 7 жыл міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған 55 жасқа толған жұмыскерлер құқылы. Төлемді алудың негізгі шарты еңбек жағдайлары зиянды жұмыспен айналыспау керек. Мұндай жағдайда жұмыскерлер үшін жұмысқа орналастыру шаралары ұсынылатын болады.

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Ұлттық қор – балаларға» жобасы аясында Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50%-ы балалардың жеке шотына аударына бастайды. Қаражат мерзімінен бұрын алу мүмкіндігінсіз кәмелет жасқа толғанға дейін жинақтала-

12-қаңтар Дінмұхамед Қонаевтың туған күні

ҰЛЫ ТҰЛҒАҒА – ТАҒЫЛЫМ

Қонаев қалалық кітапханасында аса көрнекті мемлекет қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, қазақтың дана да дара перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың 112 жылдығына орай, Алматы облысы тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы мен «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің Алматы облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Ұлы тұлға» атты дөңгелек үстел болып өтті.

Іс-шараның басты мақсаты - қазақ елінің біртуар азаматы Дінмұхамед Қонаев туралы жан – жақты

ақыл-парасатымен дараланған ұлы адам Димаш ағамыз халықтың есінде мәңгілікке сақталып қалды. Ол Қазақстанға басшылық еткен санаулы сандақтарының ішіндегі кесек тұлғалардың бірі ғана болып қалған жоқ, сонымен бірге ол мемлекет қайраткері, үлкен ғалым ретінде дүниежүзіне мәлім болды. Димаш ағамыз ел басқарған кезде ел дәулеті шалқып, халықтың мәдениеті мен өнері өрледі. Оның тынымсыз еңбегінің арқасында қалаларымыз халық игілігіне қызмет ететін дүниежүзінің сәулетті қалалар қатарына қосылды. Соның жарқын бір көрінісі кешегі Қапшағай, бүгінгі Қонаев қаласы», - деді өзінің кіріспе сөзінде.

Орта мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-шебер, республикалық «Үздік педагог» атағының иегері, «Тіл-қазына» облы-

тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің жетекшісі, «Тіл-қазына» облыстық қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері ассоциациясының мүшесі, «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының мүшесі Гүлбаршын Қалмұрзаева «Қазақтың кеменгер ұлы - Д.Қонаев» тақырыптарында ауқымды баяндама жасап, біртуар тұлғаның өнегелі өмір жолының әр қырына шолулар жасалды.

Дөңгелек үстелде Әлем Халықтары Жазушылары және Қазақстан Журналистер одақтарының мүшесі, Қазақ журналистикасының қайраткері, Алматы облысы Балқаш ауданының Құрметті азаматы Зарыққан Есілбаев 1992 жылы Балқаш ауданының орталығы Бақанас ауылында Дінмұхамед Қонаевтың 80 жылдық мерейтойында кездесіп, сұхбаттасқан тұстағы әсерін және 2020 жылы «Дінмұхамед Қонаев және Балқаш елі» атты кітапты

Қонаевтың дәуірінен сабақ алған біздер, яғни аға буын өкілдері тарихи тұлғаның даналық тағылымын, парасат-пайымын ұрпаққа үлгі етер ұлағатын қастер тұттық. Заман таразысында ғажайып ғұмыр иесінің өмір өткелінен, кісілік мектебінен тағылым алған, жақсылығын жанымен сезініп, қамқорлығын көріп, қанаттанған біздердің оған деген сүйіспеншілігіміз артапаса суыған емес. Оған деген ыстық ықыласымыздың әлі күнге ошпей келе жатқандығы Дінмұхамед Қонаевтың ұлылығында деп білеміз.



ЕСТЕН КЕТПЕЙТІН ҮШ КЕЗДЕСУ

Мен Дінмұхамед ағамен жолым түсіп үш рет кездестім. Алғашқы рет 1965 жылы Шенгелді ауылдық Кеңесінде есепші болып жүргенімде көрдім. Ауылға келген сол сапарымда Димаш аға: «Келешекте Шенгелді массиві суландырылып, қазіргі тұсырап жатқан мына дала бау – бақшаға айналады. Жаңадан совхоздар ұйымдастырылады» деп айтқан әңгімесін жиында отырып тыңдадым.

Ол кезде Димекеннің айтқан әңгімесі біздерге ертегі сияқты болып көрінгені рас. Қапшағай ГЭС-нің құрылысы жаңадан басталып жатқан кез болатын. Арада жылдар өткенде оның қиял емес, шындыққа айналғандығына баршаамыздың көзіміз жетті.

Екінші реттегі кездесуім 1980 жылы шілде айында Шенгелді ауылдық Кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарып жүргенімде сәтті түсті. Бұл Шенгелді алқабының игеріліп, Кербұлақ пен Сарбұлақ ауылдары қатар бой түзеп, шаруашылықтары дәуірлей бастаған тұс еді.

Дінмұхамед Ахметұлы Алматы облысының бірінші басшыларымен бірге асықпай шаруашылықты аралап келіп, халықпен кездескен сәттердің бірінде тосыннан естелік суретке түсу бақыты еніміне бұйырды. Сондағы мына суретте: Димекеннің сол жағында тұрған Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Кеңес Аухадиев, мен, Алматы облыстық атқару комитетінің төрағасы Владимир Беляев, республика Қауіпсіздік комитеті бастығының орынбасары (арада көп жылдар өткендіктен аты-жөнін ұмытып қалдым), «Шенгелді совхозы партия ұйымының хатшысы Шайзада Рүстемов, Димаш ағаның оң жағындағы «Алматы» колхозының директоры Владимир Смыков, осы колхоздың №5 бригадасының бригадирі Михаил Югай еді. Қас-қағым сәтте фотообъективке ілінген баға жетпес құнды суретті содан бері көзімнің қарашығындай сақтап келемін.

Үшінші рет 1986 жылдың жазында Шенгелді ауылына келіп, егістікті асықпай аралап, 2 насосқа арнайы атбасын бұрды. Одан кейін совхоз бен шаруашылық басшылары жинап кеңес өткізіп Алматыға қайтып кетті.

Осы үш кездесуде мен Димекеннің бойындағы асқан қарапайымдылыққа толы қасиетіне тәнті болдым. Ол барған жерінде алдымен ақсақалдармен амандасқаннан кейін жайдары күліп тұрып, жиналған халықпен емін – еркін әңгімелесіп, ауыл адамдарына «Менен қандай көмек керек?» деп сұрайтын. Осы бір ауыз сөздің өзі халықтың мерейін тасытып, төбелерін көкке жеткізгендей рахат

күйге бөлеп, ішпей – жемей-ақ риза болатын.

«Сүйегінен адал, парасатты, гуманист Димекеннің жүзінен нұры, мейірімнің балы тамып тұрушы еді. Алды кең әрі жылы болатын. Қарапайым, күлкісінен мейірім, шапағат шашып тұратын. Ол кісі күлгенде тоң жібіп, мұз еріп, әлемнің өзі түгел күлгендей болушы еді. Артық сөз айтпайтын, баппен сөйлейтін. Көп тыңдайтын, төзімді, дана кісі еді» деген мемлекет қайраткері, ғалым Мырзатай Жолдасбековтің жүрекжарды пікірінен асырып айта алмаспын.

Еліміздің тарихында ұлтымның мақтанышы болған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өзінен кейінгілерге қандай жағдайда да адал адам болудың, елге беріле қызмет атқарудың жарқын үлгісін көрсетіп кетті. Менің көңілімнің төрінде Димаш ағаның тау тұлғалы бейнесі кішілігі мен кісілігі, адами қасиеті, болмысы - парасаты мәңгілікке сақталып қалды. Оның рухына тағзым етуді мен ешқашан ұмытқан емеспін. Ұмытпаймын да.

Амангелді БЕСПАЕВ,

Алматы облыстық

Қазақстан халқы Ассамблеясы

жанындағы ақсақалдар

кеңесінің және Қонаев қалалық

ардагерлер кеңесінің төрағасы,

Қонаев қаласының

Құрметті азаматы



түсінік қалыптастыру, кеменгер тұлғаның мемлекетке және халқына сіңірген еңбегін, қажырлы жүргізген саясатын үлгі ету, жас ұрпақтың бойына халқымыздың құндылықтарынан сіңіріп тәрбиелеу.

Дөңгелек үстелге Алматы облысы тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, Алматы облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының мүшелері, тіл жанашырлары, Қонаев қаласының мектеп мұғалімдері мен оқушылары, қалалық кітапхананың қызметкерлері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Салтанатты шараны кіріспе сөзбен ашқан Алматы облысы тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы Данияр Дүйсенбіұлы: «50 жыл ел ағасы болып, адал қызмет атқарған тұғыры биік тұлға Дінмұхамед Қонаевқа арналып отырған бүгінгі іс-шараның мән-мағынасы зор деп білемін. Қазақ халқының тарихында болмысы бөлек, мінезінің байлығымен, терең білім,

стық қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері ассоциациясының мүшесі, «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының мүшесі Дания Қоспаева «Естен кетпес ұлы есім», №5 орта мектептің мұғалімі Наталья



Батрақова «Дінмұхамед Қонаев: история и достижения», №3 орта мектебінің қазақ тілі пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші, қалалық қазақ

жазу барысында кездескен кейбір кедергілер туралы әңгімеледі.

Жиынды қорытындылай келе, Алматы облысы тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы Данияр Дүйсенбіұлы қазақ тілі мен

әдебиеті пәнінің мұғалімдері Дания Қоспаева мен Гүлбаршын Қалмұрзаеваға Алғыс хат табыс етті.

Занғар АЛТАЙ

ҚОНАЕВТЫҢ ПОРТРЕТІ

Сол бір жылдары Қазақстанды Геннадий Колбин, Кеңес Одағын Михаил Горбачев билеген тұста Дінмұхамед Қонаевтың атын атауға қатаң тыйым салынғанын аға буын өкілдері ұмытпа қойған жоқ. Құғын-сүргіннің алып машинасы отызыншы, елуінші жылдардағы қазақтың біртуар перзенттерін баудай түсірсе, сексенінші жылдардың ортасында тағы да нәубет бұлтты үйіріліп, еліміз деп еңсе көтерген ұлтжанды азаматтарды бірінен кейін бірін ақ-қарасына қарамай жұмыстан құғындап, түрмеге тоғыта бастады. Ел сендей соғысты. Ал, билік тізгінін ұстан, халықтың сөзін сөйлейді деп үміт күткендер аузын ашық түгелі жандарынан қорқып, шыңғырған шындыққа ара түсе алмады. Ақиқат қазақ ауылынан алыстап бара жатқандай кез орнады. Ертенгі күн бұлыңғыр тартқандай еді.

Тұл-тұра сол 1986 жылдың қыркүйек айында Балқаш ауданының «Балқаш еңбеккері» газеті редакциясының бір топ журналистері аудандық партия комитетінің хатшысы Майданкүл Әбдіқованың оң қырына ілігіп, редакциядағы ахуал ушығып, жұмыстан кетуге мәжбүр болды. Оның ішінде газет редакторы Сайлаубек Байдүйсенов те бар еді. Принциптилігін тезге салу үшін редактор қызметінен босатылып, «партияның тапсырмасы» деген желеумен «Ақкөл» совхозы кәсіподақ комитетінің төрағалығы қызметіне жіберілді.

Қалғанымызға екі қолға бір күрек дейтін сәт тұрды. Мен болсам Бақанас су жүйесі мекемесіне слесарь болып жұмысқа орналастым. Редакцияға жаңа редактор тағайындалып, журналист кадрлардың біразы Алматы қаласынан шақырылды. Сол арада Желтоқсан дүрбелені дүниежүзін дүр сілкіндіріп өтіп, әркім аяғын санап басатын, сөз аңдиды, сөз таситын науқан дөңгелегі қазақ даласында шырқобелек айналып жүре берді.

Арада біраз уақыт өткеннен кейін «Балқаш еңбеккері» газеті редакциясына жаңа әріптестерімен таньсуға бел будым. Есіктен кіргеннен-ақ жаңа басшының қолданбасын бірден аңғардым. Өзгеріс көп сыңайлы. Қабырға газеттері, түрлі стэндтер ауыстырылып, қайта жасалынған. Демалыс бөлмесіне жолай соққанымда, бұрындағы қаз тәрізінде ілініп тұратын Дінмұхамед Қонаевтың майлы бояумен кенепке салынған үлкен портреті көзіме шалына қоймады. Колбиннің қаһарлы қылшы қиып түсіргенін ішім сезді.

Газет редакторы Шархан Қазығұловтың кабинетіне кіріп, сәлем бердім. Біраз оты-

рғанан кейін, Димаш ағамыздың портретін сұрап едім ол: «Жоғары жатқан пөрмен келген соң алуға тура келді. Ол архив сақтайтын бөлмеде», - деді. Димекеннің халыққа жасаған ұмытылмас еңбегін айтып, портретті қайта орнына ілуге болмас па деп едім Шөкен: «Бас екеу емес қой!» деп күмілжиді. Әрине, ол кезде оны да түсінуге болатын-ды. Қазір ғой «Тисе терекке, тимесе бұтқақ» деп емін-еркін сайрап жүргенімиз.

- Архивте шаң басқанша ол портретті маған бер, үйге алып кетейін, - деп едім, ол қарсы келмеді. Үйге қуанышым қойныма сыймай Димаш ағаның портретін құшақтап оралдым.

Араға төрт жыл салып, 1990 жылы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып Тілеулес Ардабаев тағайындалғаннан кейін, аудандық «Балқаш еңбеккері» газетіне жұмысқа қайта шақырылдым. Бұл тұста республикадан Колбин кетіп, Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшылығының тізгінін Нұрсұлтан Назарбаев ұстаған, газетке Сайлаубек Байдүйсенов редактор болып қайтанды тағайындалған шақ еді. Димаш ағаның портреті үйден жұмыс кабинетімнің төріне көшті.

Жариялық деген аты ғана болмаса, саясаттың салқын ызғары әлі де жылы қоймаған тұс. Редакцияға қазіргі кездегідей емес, күнделікті келіп-кетуші жергілікті тілшілер мен газет оқырмандары аса көп болатын. Бәрінің көзі ең бірінші төрдегі Димекеннің портретіне түседі. Біреуі: «Жарайсың!» десе, екіншісі: «Алып таста. Ертенгі күні құрысың!» дейді. Портрет бәрінен де аудандық партия комитетіндегі нұсқаушылардың көзіне құйық болды. Ауызша да, телефонмен де бірнеше ескерту жасалды.



Бірақ Димекеннің портреті сол орнынан қозғалмады. Нұсқаушылар ұмытып кетті ме, әлде басқалай нұсқау болды ма, олар көп кешікпей мазалауын қойды. Менің де көңілім жайланып, орнына түсті.

1994 жылы аудан әкімшілігінің жіберген үлкен бір кемшілігінен «Балқаш еңбеккері» газеті редакциясы мүлдем жабылып, «шындықты жазғыштығым» басым таяқ болып тиіп, тағы да жұмысыз қалдым. Ал, оның негізгі себеп-салдары да жоқ емес-ті. «Жазған құлда шаршау жоқ», Димаш ағаның портретін алып үйге оралдым. Ол кезде бұл күнгейді жосыған жұмысыздық жоқ. Қайда жұмысқа орналасамын десең де жол ашық. Бірақ басқаларға ашық болғанымен, маған келгенде мың сылтау алдымнан маңырап шығады. Сөйтсем, мені жұмысқа қабылдаған мекеме басшысы сол күні-ақ жылы орнымен қоштаспады екен. Аудан әкімінен берілген қаһарлы бұйрық райы осы. Оны білсем мекмелерді аралап, жұмыс сұрап нем бар?

Арада алты ай өтті. Бір күні үйге Бақанас су жүйесі мекемесінің бастығы Мұқанғали Қожабеков арнайы іздеп келіп: «Бұрын үш жыл бірге жұмыс істедің. Су құбыры жүйесінің жұмысын білесің. Маған инженерлік қызметке кел», - деп ойда-жоқта қолқа сала сөйледі.

-Аға, менің мойнымда қонырауым бар ғой. Ертенгі күні сізге зардабым тиіп кетер. Ниетіңізге рахмет!» - деп едім, Мұқанғали аға болмады.

-Бауырым-ау, қорқып қашанғы өмір сүруге болады. Шын пейіліммен жұмысқа шақырып тұрмын. Ертен кенседе күтемің, - деп қолымды алды.

Дінмұхамед Қонаевтың портретін Бақанас су жүйесі мекемесіндегі кабинетіме бірге ала келдім. Келген-кеткен адамдар портретті көріп, Димекенді аса ризашылықпен еске алып, Балқаш ауданына жасаған қамқорлығын, өлшеусіз еңбегін тамсана әңгімелейді. Алайда мені жұмысқа қабылдағаны айналдып келгенде, Мұқанғали ағаның маңдайына соққы болып тиді. Байқаймын, Мұқан дүйсенбі күні аудан әкімшілігінде өтетін таңертеңгілік жиынға көңілді барғанымен, ол жатқан қабағы салыңқы кайтатын болды. Жіптің ұшы маған тіреліп жүргенін сезіп, бір күні алдына жұмыстан өз еркімнен шығу жөнінде арызымды қойдым. Жібергісі келмеді. Бірақ қинала отырып көнді.

-Бауырым, сен тағы жұмысыз қалатын болдың. Оның қанша уақытқа созылатынын білмеймін. Сондықтан саған жасаған аздаған көмегім болсын, мекемедегі пирожковоз мен бес кісілік «Москвичтің» қайсысын қалайсың, таңдағаныңды ал. Ертенгі күні отын-суынды тасығанға жарайды, - деді шын ықыласпен көңілім білдіріп.

-Аға, мен екі машинаның бірін алдым деп есептеймін. Маған көрсеткен ықыласыңды естіген күні сізді әкімдіктерілер тыныш отырғызбайды. Ілік тауып жұмысыңдыздан алып тынады. Ықыласыңызға мың да бір рахмет! - деп Мұқанғали ағамен жылы қоштасып, Димекеннің портретін алып үйге қайттым. Одан кейінгі екі жаз, екі қыс Балқаш аудандық тұрғын үй және коммуналды шаруашылық мекемесінде бу қазандығында от жағумен өтті. «Білімнің жоғары ғой, жұмысқа кел» деп шақырған жан болмады. Мен де жалынш ешкімнің есігін қақпадым. Өтініш жасамадым. Ал, Димаш ағаның портреті төрімде ілулі тұрды.

Балқаш ауданына Әмір Құлмаханов әкім болып келгеннен кейін, 1997 жылдың жазында бір жарым жылдай жабылып қалған «Балқаш еңбеккері» газеті «Балқаш өңірі» деген жаңа атаумен қайтадан ашылып, от жағушыдан газет редакторының орынбасары қызметіне шақырылғанында, Димаш ағаның портреті менімен бірге үшінші рет редакция есігінен аттады.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдардың басында Алматы қаласында мерекелі күндерде Дінмұхамед Қонаевты Орталық алаңның мінбесінен алыстан көргеннің өзінде бойымызды ғажап бір мақтаныш сезімі

толқытып өтетін. Ал, 1992 жылы Балқаш ауданының орталығында өткен Дінмұхамед Қонаевтың 80 жылдық мерейтойында сұхбат құрып, қолтаңба алғанында өзімді шексіз бақытты санаған едім. Той соңында өзімше ырым жасап, Димаш ағаның бокалындағы шапарты сарқа ішіп, ақ «Волгасын» отырғызып, қол бұлғап қала берген сол бір шалқын күн ұмытылмайтын шуақты шақтарымның бірі ретінде жадыма жатталып қала берді.

2022 жылы Дінмұхамед Қонаевтың 112 жылдығы республика көлемінде кеңінен атап өтілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Алматы облысының орталығы Қонаев атауына ие болды. Ұлылар кай заманда болмасын өздерінің ұлылықтарын мойындайтын білген. Олардың ұмытылмай ұрпақтан-ұрпаққа жақсысып келе жатқандығы даралығы десек, қарапайым қазақтың кара баласының бірі мен - Дінмұхамед Қонаевты көзі тірісінде-ақ пір тұтқаным бекер болмаса керек.

Колбин түгелі тәуелсіздік жылдарында ел басқарып отырғандардың өзі Қонаевтың суретінен қорықты. 30 жыл бүркемелуге тырысып бақты. Халықтың Қонаевты шексіз құрметтейтінін, қадірлеп бағалайтын түсінді. Сол себепті де Желтоқсан көтерілісі кезінде Орталық алаңға шыққан жастар алдында сөйлеуге рұқсат бермеді, үйдегі әр қадамына аңду қойды, суреттерін барлық жерден алғызып тастады. «Балқаш еңбеккері» газеті редакциясының төрінен архивке өтіп, одан кейін менің қолыма тиген портреті сол ланды басынан кешті.

Содан бергі аралықта 37 жыл уақыт өтіпті. Қай жерге жұмысқа барсам да Дінмұхамед Қонаевтың портреті менің кабинетімнің төрінен табылды. «Алып таста» дегендер де болды. Бірақ олар айтқанмен, мен қайтпадым. Бүгінгі таңда Димаш ағаның портреті үйімнің төрінде ілулі тұр. Үлкен-кішінің назары бірден сол портретке түскенде жүздері нұрланып: «Нағыз таңғажайып кеменгер, әулие адам» дегенде, Димаш ағаның рухынан бойыма беймәлім керемет қуат құйылып жатқандай сезінемін...

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМУЛЫ,

Қазақ журналистикасының

қайраткері,

Балқаш ауданының

Құрметті азаматы

Жарық көрген жаңа басылым

Өмірде құрметті, қадірлі болу ісі өте қиын. Бұл іс көп еңбекті қажет етеді. Құрметті азамат кез келген адамға берілмейді. Біздің Алматы облысында еліне еңбегімен көзге түскен, болашақ ұрпаққа үлгі болатын азаматтар өте көп. Ол азаматтардың бұрындары істеген ісін паш ету – үлкен міндет.

АРДАҚТАЛҒАН АЗАМАТТАРДАН МЫН АЛҒЫС!

Жақында қолымызға «Алматы облысы Құрметті азаматтарының энциклопедиясы Құрмет кітабы» тиді. Бұл құрметті кітапқа облыста ерен еңбек еткен, ел құрметіне бөленген азаматтардың істеген ісі, не үшін осы дәрежеге жеткені жазылған. Бұл кітаптың құндылығы мынада: адам баласы мәңгілік емес, бәріміз де ата – бабамыз кеткен жерге кетеміз. Мына кітап – болашақ ұрпаққа үлгі, өнеге. Осы кітаптың мәнді де сәнді, мазмұнды шығуына атсалысқан Алматы облысы әкімшілігіне, мәслихатына күндіз-түні бір тынбай қайта-қайта хабарласып, жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген Сандуғаш сіңлімізге алғы-



сымыз шексіз. Кітаптың бірінші томына 436 адам енгізілген. Әлі де шығаратын томдар бар. Ұйғыр ауданындағы құрметті азаматтар атынан Сандуғашқа рахметім шексіз. Ақ жаулықты әжелер мен аталар атынан алғыс айтамын.
Болашаққа, немере, шөберелерге үлгі бола білейік, олар бізге қарап ер жетсін, бізді үлгі етіп ұстасын. Кітап өте керемет етіп шығарылған. Іске сәт!

Рая САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданының ардагер әжелер кеңесі төрайымы.

Армадастар, құрдастар

ВОЛЕЙБОЛДАН ЖАРЫС ӨТТІ

6 қаңтар күні Ащыбұлақ ауылдық округіне қарасты Төлеби ауылындағы 37-орта мектептің спорт залында жарыстың бас төрешісі болған Ащыбұлақ ауылдық округіне қарасты ардагер ұстаздар кеңесінің төрағасы Д. Жамалбековтің ұйымдастыруымен ер балалар командалары арасында волейболдан мектеп ішілік жарыс болып өтті.



Өте тартысты өткен жарыс қорытындысы бойынша 4-7-сынып командалары арасында 1-орынды 7-сынып, 2-орынды 6-сынып, 3-орынды 5-сынып командалары иеленді.
Ал 8-11 сынып командалары арасында 1-орынды 10-сынып, 2-орынды 8-сынып, 3-орынды 9-сынып командалары иеленді.
Женімпаз және жүлдегер командалар арнайы тағайындалған кубокпен және мақтау қағаздарымен марапатталды.
Өз тілшімізден.
Іле ауданы.

Жастар және уақыт

ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жаңа заманның жастарының жаңа талаптарын елемей уақыт ағымын ескермегенмен бірдей. Осы орайда жастар арасындағы мәселелерді жіті қарастыру мәселелерін тізімдеуге болады. Бұл жерде біз нақты статистикалық, я болмаса шетел тәжірибесімен салыстыру жүргізуді басты мақсат етпедік, өйткені өзімізде барды бағалай алуымыз, өзімізде жоқты жамай алуымыз қажет. Ең бастысы жастарымыздың ұлы дала рухына сусындап тік өсуін қаладық.

«Мына жайттың әлі де болса жастар бойында сақталуы көптеген мәселені шектеуде. Ол-құлдық психология. Үлкенге құрмет, кішіге ізет қылсаң ешқашан кемімейсің, ал кейбір жастарымыз жалпақтаумен, біреулері жастар атынан сөз алып экономикалық, психологиялық мәселені шындау болып отыр... Жастар ұйымдарына да мүше жастар неге өзін өзге жастардан жоғары ұстап, шенеунік ретінде көрсетуге тырысады. Бұл да-құлдық психологияның белгісі. Бұдан шығар қорытынды-жастарға қолжетімді істер жасай отырып, оларды елін сүйу мен құрметтеуге үйрету. Бұдан мемлекет те, жастар да жапа шекпейді. Алаштың аманатын аркалап, асыл мұрағатты жүзеге асыратын, елін қорғап, елдігімізді арттыратын жастар қандай болмақ, осы тұрғыда ойланайықшы»...

Қазіргі таңдағы Қазақстан жастарының психологиялық жағдайы өте жақсы және де өте белсенді дамуда. Десек те өзге ұлттарға қарағанда біз ұлттық бұрыннан дамыған мінезімізге көңіл бөлгеніміз өте орынды деп есептейміз. Сонда ғана ұлттық құндылығымыз сақталып, білімнің нәрі шындала түспек.

«Қазақстанда жағымсыз жат әрекеттердің қазіргі жағдайына жұмыссыздық, ақшаның құнсыздануы, өндірістердің қылдырауы секілді феномендердің пайда болуы үлкен әсер етіп отыр. Әрине, бұл феномендердің зиянды әсерінің нәтижесінде жастардың жат әрекеттері өсіп отыр.

Біздің көзқарасымыз бойынша, жастардың жағымсыз жат әрекеттерімен күресудің бірден-бір жолы ретінде, жастармен профилактикалық жұмыс жүргізудің мақсаты табысты әлеуметтенуге жағдай жасау мен адамдарда қабілеттілік, жауапкершілікті қасиеттерін қалыптастыру процесіне көмек ету болып табылады.»

тары, өз күшіне деген сенім, тәуекелге бару, ақша таба білу бар. Осы жағдайларға сәйкес, қоғамдағы өзгерістер бағыты жастардың өз өмірлік бағытындағы әлеуметтік тәжірибедегі өзгерістеріне тәуелді болады. Әрбір жас өзінің өмірлік қалыптасуын жеке әрі жауапты түрде таңдауы тиіс. Өскекең ұрпақты патриоттық тәрбиелеуге, азаматтық бірегейлікті дамытуға байланысты мәселелер көбіне елдің дамуы мен оның жастар саясатын жүргізуіне байланысты. Қазіргі кезде жас ұрпақты патриоттық сезімде тәрбиелеу, оларды отансүйгіш азамат ретінде қалыптастыру проблемасы ерекше



өзекті мәселеге айналды. Дәстүр мен инновация арасында, соның ішінде әлеуметтік-мәдени ортада тепе-теңдікті сақтау ауадай қажет болып тұрған бүгінгі заманда осы мәселе аса маңызды.

Ұлттың бүгінгі мен келешегі білімді жастың қолында. Анығырақ айтқанда, тарихын терең білетін, ұлттың рухани құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ қана ел болашағын қалыптастыра алады. Қазіргі таңда дінге бет бұрған жастар арасында дини сауаттылықты арттыру мақсатында сол жастарымыздың Исламның қазақ қоғамының

дәстүрлі ұстанымы мен ерекшеліктеріне, құндылықтарына ешқандай да қарама-қайшылық туғызбайтын тәлім үйреніп келіп жатқандар бар. Мешіт имамдарының оларды оқытып-үйретуге күштері жеткіліксіз болып отыр.

Нақты ислами дини сауатты жастар санасына ұялата алсақ, біріншіден білімді жастар жиналған ақпараттардың қажетін алып, қажет емесін сүзгіден өткізіп үйренер еді және ислами дини сауатты жастар сыбайластық, жемқорлық сынды қоғамдық кеселдерден аулақ болар еді. Сонымен қатар ел санаты көбейіп, тастанды, жетім, қараусыз карт мәселелері кеміп, өз-өзіне

яғни қайда оқимын, қайда барып білім аламын, тәжірибе жинақтаймын десе де бәрі өзіне байланысты. Бірақ кемшіліктер де жоқ емес. Соған байланысты жоғарғы оқу орындарында кездесетін мысалдарды келтіре кеткіміз келеді.

Жоғары оқу орындары түлектерінің жұмыспен қамтылу деңгейінің төмен болу себептері көп. Біріншіден, жоғары оқу орындарына белгілі бір мамандықты оқуға түскен жастар еңбек нарығындағы ағымдағы сұранысқа назар аудармай, ал оқуларын аяқтаған жастар заман талабына сәйкес мамандықтарға деген сұраныстың да өзгеріп кеткенін түсінеді.

Екіншіден, жоғары оқу орны түлектерінің оқу үрдісінде алатын теориялық білімі, еңбек нарығындағы жұмыс берушілердің талаптарына мүлдем сәйкес келмей жатады. Осылайша, Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы студенттердің мамандану деңгейі шынайы өмір ағымы мен талаптарына жауап бермейді деуге толық негіз бар. Бұл университет қабырғаларында білім беретін профессорлық-оқытушылық құрамның өзгермеуі мен берілетін білімдердің бұрынғы сарынмен, жаңа үрдістерге сәйкес болмауына байланысты. Ағымдағы өмір көрсетіп отырғандай, жоғары оқу орындарының түлектері өз мамандықтары бойынша жұмыс таба алмай, басқа кәсіппен айналысады немесе сұранысқа не мамандықты алу мақсатында қайта оқуға түсуге мәжбүр.

Білім беру мәселесіне қайта оралсақ. Бүгінде кез келген адам шетелде тағылымдамадан өтіп, қысқа немесе ұзақ мерзімді білім алып, жұмыс істей алады. Ол үшін шет тілі білімі мен ниет болса жеткілікті. Осыған байланысты «Болашақ» бағдарламасына жастар көп көңіл бөліп отыр. Бұл бағдарлама жыл сайын қазақстандық жастардың білім алуы үшін әлемнің ең үздік оқу орындарына жіберіп жатыр. Қазақстандық студенттер мен ЖОО түлектері шетелде білім алу бағдарламаларына қатыса алады. Еуразия мен Орталық Азияда Халықаралық студент алмасу бағдарламасы (Global UGRAD) да бар. Бұл АҚШ елінің

мемлекеттік департаментіндегі білім және мәдени бағдарлама бөлімінің бағдарламасы немесе DAAD. Бұл академиялық ауысымның германиялық қызметі. Оған волонтерлерге арналған жобалардың біріне қатысуға болады. Осы бағдарламалар арқылы мемлекет жастардың шет елде білім алуына көп мүмкіндік туғызып отыр.

Жастар арасындағы өзекті мәселелер мұнымен шектеліп қоймайды. Қазіргі ақпараттарға сүйенетін болсақ, бүгінгі таңда жастар арасында өзекті мәселелер мен қоғам өмірінде теріс бағыттағы апарат түрлі жолдар өте көп кездеседі. Оларға психикалық проблемалар, зиянды әдеттер, зорлық, суицид және т.б. жатқызылады. Айтылған мәселелер жастар арасындағы ең көп таралғаны болып табылады. Ең бастысы егемен еліміздің ертеңгі болашағы бүгінгі жастардың біліктілігі мен саналы әрекеттеріне байланысты.

Қорытындылай келе қазақ жастарының негізгі бөлігін ауыл жастары құрайтындықтан, бұл сұрақты көтеріп, талдау жасау керек және осы жастардың жағдайын, олардың ұлттық мәдениетке, ұлттық рухқа, білімге деген көзқарастарын өзгертетін арнайы құрал есебінде саналатын кітапхана, клуб бәрі жабылып, керек десеңіз, ауылда электр энергиясының жоқтығынан кейбір ауылдарда әлі күнге дейін әлем жаңалықтары түгелі, Қазақстандағы жаңалықтардан хабар алмай, өзге бөлек болып қалыптасып қалған ауылдар қаншама, соларда тұрып жатқан жастар жағдайлары не болмақ, жұмыссыз жүрген жастарымыз, қылмыстың жастар арасында дамуы, өсуі болашақ үшін үлкен проблемаға айналып тұр деп айтқымыз келеді.

Бұл мәселелердің негізгі мәні-ол ауыл немесе қала бола ма, жалпы қазақ жастарының арасындағы жұмыссыздық, мәдени және саяси сауатсыздық, білімге деген, ғылымға деген құштарлықтардың жоқтығын жойып, сауатты қазақ жастарын қалыптастыру және жастар проблемаларын шешу.

А.ҚҰДАЙБЕРГЕН,
А.ӨМІРЗАҚ

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады
ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық «Ардагер ұйымы» филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310
ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661
Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.
Газет «Алматы-Бошақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 6170.
Тапсырыс №52
Индексі – 65472.